

## **Тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің жалпы қосылған құнын есептеу әдістемесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 43 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 10 желтоқсанда № 25718 болып тіркелді

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 17-тармағы 22) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің жалпы қосылған құнын есептеу әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ұлттық шоттар департаменті Заң департаментімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының орынбасарына (Ж.Ә. Жарқынбаев) жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басшы*

*Н. Айдапкелов*

Басшысының

2021 жылғы 8 желтоқсандағы

№ 43 бұйрығымен

бекітілген

## **Тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің жалпы қосылған құнын есептеу әдістемесі**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің жалпы қосылған құнын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) халықаралық стандарттарға сәйкес

қалыптастырылатын және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

2. Бұл Әдістеде "Қаржы және сақтандыру қызметі" экономикалық қызмет түрі бойынша тұрақты бағалардағы жалпы қосылған құнын есептеу қарастырылады.

3. Осы Әдістеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аралық тұтыну (бұдан әрі – АТ) – есепті кезеңдегі өндіріс процесінде түрленетін немесе толықтай тұтынылатын тауарлар мен қызметтер құны;

2) дефлятор – экономикада белгілі бір кезеңге бағалардың орташа өзгерісін сипаттайтын көрсеткіш;

3) жалпы қосылған құн (бұдан әрі – ЖҚҚ) – тауарлар және қызметтер шығарылымы мен аралық тұтыну арасындағы айырмашылық. Бұл көрсеткіш өндіріс процесінде тұтынылған негізгі капиталдың құнын қамтиды;

4) жалпы шығарылым (бұдан әрі – ЖШ) – есепті кезеңде ұлттық экономикада бірлік-резиденттердің өндірістік қызметінің нәтижесі болып табылатын тауарлар мен қызметтердің жиынтық құнын көрсететін тауарлар мен қызметтердің шығарылымы;

5) жалпы ішкі өнім (бұдан әрі – ЖІӨ) – елдің экономикалық қызметінің түпкілікті нәтижесін сипаттайтын ұлттық шоттар жүйесінің аса маңызды көрсеткіштерінің бірі;

6) нақты көлем индексі (бұдан әрі – НКИ) – салыстырмалы кезеңдерде өндіріс көлемінің өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш. Базистік кезең бағасымен бағаланған ағымдағы кезеңдегі белгілі бір көрсеткіштің құнын оның базистік кезеңдегі құнына бөлу арқылы есептеледі;

7) тұтыну бағасының индексі (бұдан әрі – ТБИ) – халықтың жеке тұтынуы үшін сатып алған тауарларының және көрсетілетін қызметтерінің белгіленген қоржынына бағалардың орташа деңгейінің әр уақыттағы өзгерісін сипаттайды;

8) ұлттық шоттар жүйесі (бұдан әрі – ҰШЖ) – елдің экономикалық қызметінің нәтижелерін сипаттайтын, шоттар мен кестелердің белгілі жиынтығы түрінде құрастырылған статистикалық көрсеткіштердің жүйесі.

## **2-тарау. Қаржы қызметінің жалпы қосылған құнын есептеу**

### **1-параграф. Ағымдағы бағалардағы қаржы қызметінің жалпы қосылған құнын есептеу**

4. 2008 жылғы ҰШЖ сәйкес қаржы корпорациялары секторына негізгі қызметі қаржы делдалдығы қызметтерін, сақтандыру қызметтерін және зейнетақымен қамсыздандыру қызметтерін қоса алғанда, қаржылық қызметтер көрсетуден тұратын барлық резидент корпорациялар, сондай-ақ қаржы делдалдығына жәрдемдесетін қызмет түрлерін жүзеге асыратын бірліктер кіреді.

5. Ағымдағы бағалардағы қаржы қызметінің ЖШ-ны және АТ-ны есептеу мынадай әдістемелерге сәйкес қалыптастырылады:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 23 қыркүйектегі № 217 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14362 болып тіркелген) Қаржы делдалдығы қызметтерінің шығарылымын есепке алу әдістемесі;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 3 қазандағы № 226 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14393 болып тіркелген) Екінші деңгейдегі банктердің қаржылық қызметтерін есепке алу әдістемесі;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 21 қарашадағы № 271 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14539 болып тіркелген) Орталық банк қызметтерін есепке алу әдістемесі;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 4 тамыздағы № 114 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15627 болып тіркелген) Сақтандыру қызметтерін есепке алу әдістемесі;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2017 жылғы 16 тамыздағы № 118 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15687 болып тіркелген) Зейнетақы қорларының көрсетілетін қызметтерін есепке алу әдістемесі.

6. Ағымдағы бағалардағы қаржы қызметінің ЖҚҚ-ны есептеу келесі формула бойынша жүзеге асырылады:

$$GVAҚСҚ = OutҚСҚ - ІСҚСҚ (1)$$

мұнда:

GVAҚСҚ – ағымдағы бағалардағы қаржы қызметінің ЖҚҚ;

OutҚСҚ – ағымдағы бағалардағы қаржы қызметінің ЖШ;

ІСҚСҚ – ағымдағы бағалардағы қаржы қызметінің АТ-сы.

## **2-параграф. Тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің жалпы қосылған құнын есептеу**

7. Ағымдағы бағалардағы ЖІӨ өндірілген және пайдаланылған тауарлар мен қызметтердің нақты көлемінің өзгеруін тікелей өлшеуге мүмкіндік бермейді. Осы мақсатта тұрақты бағалардағы ЖІӨ-ні бағалау жүргізіледі, оның негізінде ЖІӨ-нің нақты көлем индексі есептеледі.

8. ЖІӨ-ні тұрақты бағаларда бағалау ЖІӨ-ні ағымдағы бағаларда жеке құндық компоненттерге бөлуді және оларды базалық жылдың бағаларында бағалау үшін оларға тиісті әдістерді қолдануды қамтиды. Тұрақты бағалардағы ЖІӨ мен оның компоненттерін бағалаудың негізгі әдістері дефляторлау және экстраполяциялау әдістері болып табылады.

9. Дефляторлау әдісі ағымдағы кезеңдегі тауарлар мен қызметтердің құнын базистік кезеңдегі бағалармен салыстырғанда ағымдағы кезеңдегі осы тауарлар мен қызметтерге бағаның өзгеруін көрсететін индекске бөлуден тұрады. Бұл қайта бағалау рәсімі былай сипатталады:

$$\sum q_1 p_0 = \frac{\sum q_1 p_1}{I_{p_{1/0}}} \quad (2)$$

мұнда:

$$\sum q_1 p_0$$

– базистік кезең бағаларындағы ағымдағы кезеңдегі тауарлар (қызметтер) құны;

$$q_1$$

– ағымдағы кезеңдегі тауарлар (қызметтер) саны;

$$p_1$$

және

$$p_0$$

– ағымдағы және базистік кезеңдегі бағалар;

$$\sum q_1 p_1$$

– ағымдағы кезеңдегі ағымдағы бағалардағы тауарлар (қызметтер) құны;

$$I_{p_{1/0}}$$

– базистік кезеңмен салыстырғандағы ағымдағы кезеңдегі баға индексі.

10. Экстраполяциялау әдісі базистік кезеңдегі тауарлар мен қызметтердің құнын базистік кезеңмен салыстырғанда ағымдағы кезеңдегі тауарлар мен қызметтердің (немесе осы жиынтық үшін репрезентативті тауарлар мен қызметтердің) осы жиынтығының нақты көлемінің өзгеруін көрсететін индекске көбейтуден тұрады. Бұл рәсім былай сипатталады:

$$\sum q_1 p_0 = \sum q_0 p_0 \times I_{q_{1/0}} \quad (3)$$

мұнда:

$$\sum q_1 p_0$$

– базистік кезең бағасындағы ағымдағы кезеңдегі тауарлар (қызметтер) құны;

$q_0$

– базистік кезеңдегі тауарлар (қызметтер) саны;

$\sum q_0 p_0$

– базистік кезеңдегі тауарлар (қызметтер) құны;

$I_{q_0}$

– базистік кезеңмен салыстырғандағы ағымдағы кезеңдегі тауарлардың (қызметтердің) нақты көлем индексі.

11. Тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің ЖҚҚ-сын есептеудің негізгі әдісі "қосарланған дефляторлау" әдісі болып табылады, онда қаржы қызметінің ЖҚҚ-сы тұрақты бағалармен бағаланған қаржы қызметінің ЖШ-дан қаржы қызметінің АТ-ны шегеру арқылы есептеледі.

"Қосарланған дефляторлау" әдісін пайдалану кезінде тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің ЖҚҚ-ны есептеу келесі кезеңдер бойынша жүргізіледі:

1) ТБИ дефляторлау арқылы тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің ЖШ-ны бағалау осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады;

2) ТБИ дефляторлау арқылы тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің АТ-ны бағалау осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады;

3) Тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің ЖҚҚ-ны анықтау тұрақты бағалардағы ЖШ-дан тұрақты бағалардағы АТ-ның айырмасы ретінде осы Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады;

12. Қаржы қызметінің ЖҚҚ-ның НКИ-ді тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің ЖҚҚ-ны базистік кезеңдегі қаржы қызметінің ЖҚҚ-ға бөлу арқылы есептеледі.

13. Тұрақты бағаларда ЖІӨ-нің компоненттерін сапалы бағалау үшін тауарлар мен қызметтерге өндірушілер бағаларының индекстері мен ТБИ-ді негізделген баға индекстерінің (дефляторлардың) дамыған жүйесі болуы қажет.

14. ТБИ-дің көпшілігі тұтыну тауарлары мен қызметтеріне бағаларды өлшеуге арналғандықтан, тауарларға да, қызметтерге де (облигацияларға, акцияларға немесе басқа да қаржы активтеріне) жатпайтын өнімдерді сатып алу ТБИ-дің болжамды қамтылуына енгізілмейді.

15. Қаржылық қызметтерге баға индекстерін құру қиындықтармен байланысты, өйткені ТБИ-ге қандай қаржылық қызметтер қосылуы керек және оларды қалай өлшеу керек деген бірыңғай пікір жоқ.

16. Осыған байланысты, тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің ЖҚҚ-ны есептеудің осы кезеңінде есепті кезеңнің ЖШ мен АТ деректерін дефляторлау үшін ТБИ-ді қолдануға болады.

17. "Қосарланған дефляторлау" әдісінен басқа осы Әдістеменің 9 және 10-тармақтарында сипатталған осы Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес ЖҚҚ-ға орташа айлық атаулы жалақы индексін қолдану арқылы "дара дефляторлау" әдісімен немесе осы Әдістемеге 5-қосымшаға сәйкес қызметкерлердің нақты санының өзгерісі индексімен экстраполяциялау әдісімен бағалау жүргізуге болады.

Тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің жалпы қосылған құнын есептеу әдістемесіне  
1-қосымша

### Тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің жалпы шығарылымды есептеу

		Базистік кезеңдегі жалпы шығарылым	Тұтыну бағаларының индексі	Базистік кезең бағасындағы ағымдағы кезеңдегі жалпы шығарылым	Ағымдағы кезеңдегі жалпы шығарылым
		миллион теңге	базистік кезеңге пайызбен	миллион теңге	миллион теңге
		1	2	3=4/2%	4
Қаржы және сақтандыру қызметі	1= S2 -4	2 764 104,9		3 342 236,8	3 421 404,2
Қаржылық делдалдық, сақтандыру және зейнетақымен қамтамасыз етуді қоспағанда	2	2 148 296,4	102,6	2 279 998,0	2 339 277,9
Міндетті әлеуметтік қамсыздандырудан басқа, сақтандыру, қайта сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру	3	352 395,2	102,6	359 446,9	368 792,5
Қаржылық көрсетілетін қызметтер мен сақтандыру саласындағы қосалқы қызмет	4	263 413,3	101,5	702 791,9	713 333,8

Тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің жалпы қосылған құнын есептеу әдістемесіне  
2-қосымша

### Тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің аралық тұтынуын есептеу

		Базистік кезеңдегі аралық тұтыну	Тұтыну бағаларының индексі	Базистік кезең бағасындағы ағымдағы кезеңдегі аралық тұтыну	Ағымдағы кезеңдегі аралық тұтыну

		миллион теңге	базистік кезеңге пайызбен	миллион теңге	миллион теңге
		1	2	3=4/2%	4
Қаржы және сақтандыру қызметі	1=S2-4	993 323,4		1 371 281,6	1 400 994,4
Қаржылық делдалдық, сақтандыру және зейнетақымен қамтамасыз етуді қоспағанда	2	719 299,0	102,6	700 729,3	718 948,3
Міндетті әлеуметтік қамсыздандырудан басқа, сақтандыру, қайта сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру	3	149 201,1	102,6	130 501,1	133 894,1
Қаржылық көрсетілетін қызметтер мен сақтандыру саласындағы қосалқы қызмет	4	124 823,3	101,5	540 051,2	548 152,0

Тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің жалпы қосылған құнын есептеу әдістемесіне  
3-қосымша

### "Қосарланған дефляторлау" әдісімен ағымдағы және тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің жалпы қосылған құнын есептеу

		Базистік кезеңдегі ЖҚҚ	Нақты көлем индексі	Базистік кезең бағасындағы ағымдағы кезеңдегі ЖҚҚ	Ағымдағы кезеңдегі ЖҚҚ
		миллион теңге	базистік жылға пайызбен	миллион теңге	миллион теңге
		1	2=3/1%	3	4
Қаржы және сақтандыру қызметі	1=S2-4	1 770 781,5	111,3	1 970 955,2	2 020 409,8
Қаржылық делдалдық, сақтандыру және зейнетақымен қамтамасыз етуді қоспағанда	2	1 428 997,4	110,5	1 579 268,7	1 620 329,6
Міндетті әлеуметтік қамсыздандырудан басқа, сақтандыру, қайта сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру	3	203 194,1	112,7	228 945,8	234 898,4
Қаржылық көрсетілетін қызметтер мен сақтандыру саласындағы қосалқы қызмет	4	138 590,0	117,4	162 740,7	165 181,8

Тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің жалпы қосылған құнын есептеу әдістемесіне  
4-қосымша

### "Дара дефляторлау" әдісімен тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің жалпы қосылған құнын есептеу

		Базистік кезеңдегі ЖҚҚ	Орташа айлық атаулы жалақы индексі	Базистік кезең бағасындағы ағымдағы кезеңдегі ЖҚҚ	Ағымдағы кезеңдегі ЖҚҚ	ЖҚҚ-ның НКИ-і
		миллион теңге	базистік жылға пайызбен	миллион теңге	миллион теңге	базистік жылға пайызбен
		1	2	3=4/2%	4	5=3/1%
Қаржы және сақтандыру қызметі	1=S2-4	2 048 002,8		1 986 360,4	2 233 384,2	97,0
Қаржылық делдалдық, сақтандыру және зейнетақымен қамтамасыз етуді қоспағанда	2	1 428 997,4	107,0	1 514 326,7	1 620 329,6	106,0
Міндетті әлеуметтік қамсыздандырудан басқа, сақтандыру, қайта сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру	3	2 03 194,1	129,5	275 260,8	356 462,7	135,5
Қаржылық көрсетілетін қызметтер мен сақтандыру саласындағы қосалқы қызмет	4	4 15 811,3	130,4	196 772,9	256 591,9	47,3

Тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің жалпы қосылған құнын есептеу әдістемесіне 5-қосымша

### Экстраполяциялау әдісімен тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің жалпы қосылған құнын есептеу

		Базистік кезеңдегі ЖҚҚ	ЖҚҚ-ның НКИ-і	Базистік кезең бағасындағы ағымдағы кезеңдегі ЖҚҚ	Ағымдағы кезеңдегі ЖҚҚ	Қызметкерлердің нақты санының өзгеру индексі
		миллион теңге	базистік жылға пайызбен	миллион теңге	миллион теңге	базистік жылға пайызбен
		1	2=3/1%	3=1*5%	4	5
Қаржы және сақтандыру қызметі	1=S2-4	2 048 002,8	100,8	2 063 728,6	2 233 384,2	
Қаржылық делдалдық, сақтандыру және зейнетақымен қамтамасыз етуді қоспағанда	2	1 428 997,4	102,4	1 463 293,3	1 620 329,6	102,4
Міндетті әлеуметтік қамсыздандырудан басқа, сақтандыру, қайта сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру	3	2 03 194,1	97,0	197 098,3	356 462,7	97,0



Қаржылық көрсетілетін қызметтер мен сақтандыру саласындағы қосалқы қызмет	4	4 15811,3	97,0	403 337,0	256 591,9	97,0
---	---	-----------	------	-----------	-----------	------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ